

МАТЕМАТИКА

1-бөлім

Бастауыш білім беру деңгейінің
3-сынып оқушыларына арналған оқулық

Шартты белгілер



— жаңа ақпарат



— есіңе сақта



— топтық жұмыс



— жұптық жұмыс



— ауызша есепте



— білімді қолдан



— логикалық тапсырма



— үй тапсырмасы



— аудио, бейнематериалдар (мұғалім сыныпта, оқушы үйде пайдаланады)

Оқулықта QR-кодты қолдану бойынша нұсқаулық

1. Смартфон немесе планшетіңіздің камерасын QR-кодқа бағыттаңыз.
2. Сілтеме пайда болғанша күтіңіз.
3. Қажетті ресурсқа өту үшін «ОК»-ді басыңыз.

Егер сіздің құрылғыңыз QR-кодты анықтай алмаса, онда QR-кодты оқуға арналған кез келген тегін қосымшаны жүктеп алыңыз. Мысалы, QR Code Reader-ді Google Play Market және App Store қосымшалар дүкенінен жүктеп алуға болады.

Оқу-әдістемелік кешеннің құрамына оқулық және әдістемелік нұсқаулық кіреді. «Математика» электрондық оқулығымен баспаның web-платформасында таныса аласыз.

ҚҰРМЕТТІ ОҚУШЫ!

Сенімен қайта кездескеніме қуаныштымын! 3-сыныпқа арналған «Математика» оқулығы бұрынғы біліміңді толықтырып, жаңа білім алуыңа көмектеседі.

Оқулықтың 1-бөлімі сен үшін қызықты болады. «Жанды табиғат» бөлімінде математиканы күнделікті өмірмен, табиғатпен тығыз байланыстыра қарастырасың. «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» бөлімінде мәтіндік есептер мен мысалдарды шешу кезінде дұрыс шешім қабылдауды меңгеретін боласың. «Уақыт» туралы түсінік сенің математикалық амалдарды өмірдегі уақытпен салыстырып түсінуге көмектеседі. Ал «Сәулет» бөлімі арқылы геометриялық пішіндер мен сызбалар сызуды үйреніп, оны күнделікті өмірде қалай қолдануға болатынын білесің.

Логикалық тапсырмаларды шешу сенің ойлау қабілетінді дамытады. Танымдық тапсырмалар жаңа білімді практикада қолдануға, зерттеушілік дағдыңды жетілдіруге көмектеседі. Оқулық мазмұнындағы тапсырмалар математикалық біліміңді өмірлік құндылықтармен байланыстыра отырып қарастырады.

Оқулық авторлары сен үшін қызықты әрі пайдалы тапсырмалар дайындады. Ақылбек пен Айзере есімді кейіпкерлер оқу тапсырмаларын орындау бойынша қосымша түсіндірме беретін болады. Электрондық оқулық арқылы түрлі интербелсенді тапсырмаларды орындайтын боласың. Біліміңді бекітіп, нәтижесін сол сәтте бағалай аласың.

Білімді болу еңбек пен жауапкершілікті талап етеді. Әр сабақтан жаңа білімді үйренуге дайын бол! Математика – пән ғана емес, сенің өмірлік көмекшің!



1А 1000 КӨЛЕМІНДЕГІ САНДАР. ҚОСУ ЖӘНЕ АЗАЙТУ

Бұл бөлімде:

- үш таңбалы сандарды оқуды, жазуды, салыстыруды және қарапайым теңсіздіктерді шешу жолын білесің.


$$\begin{array}{r} 1) \\ + 3 \\ \hline 48 \\ 469 \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 2) \\ + 53 \\ \hline 14 \\ 55 \end{array}$$

Разрядтар		
Жүздіктер	Ондықтар	Бірліктер
2	3	1
2	1	0
2	1	3

- үш таңбалы сандардың құрамын анықтауға;
- миллионға дейінгі сандарды мыңдықтармен санауға, жазуға және салыстыруға дағдыланасың.

- көп таңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмін қолдануды;
- өрнектер құрып, оның мәнін табуды үйренесің.



I. ЖАНДЫ ТАБИҒАТ



Бұл бөлімде математика бойынша алатын білімдеріңді «Жанды табиғат» тақырыбы аясында қарастырасың. Табиғаттағы жанды организмдер бір-бірімен тығыз байланыста тіршілік етеді.

Жанды табиғатты қорғау – әр адамның міндеті. Өсімдіктерді жұлма, жануарларға қамқор бол. Қоқыс лақтырып, табиғатты ластама.



1 1000 көлеміндегі сандар



1. а) Ақылбек пен Айзере ұстазына сыйлау үшін гүл сатып алды. Әр гүлдегі санға назар аудар. Сандарды құмыраларға топтастырып сал. Үшінші құмыраға неше таңбалы сандарды салдың?



Үлгіге қарап, үшінші құмырадағы сандардың моделін құрастырып көр.

Үлгі: Бұл 231 санының моделі. Осы

нұсқаға қарап жаз.



ә) Кестедегі сандарды оқып, разрядтарын ата. Санның моделіне назар аудар.

Бірліктер класы				
Разрядтар			Санның моделі	Оқылуы
Жүздіктер	Ондықтар	Бірліктер		
2	3	1		екі жүз отыз бір
2	1	0		екі жүз он
2	1	3		екі жүз он үш




Бірліктер класы – бұл разрядтардың жиынтығы.

Разряд – бұл сандарды жазудағы цифрдың орны.

Үштаңбалы сандарды салыстыру ең үлкен разрядтан басталады.




2. Түрлі түсті қима қағаздарға 1-ден 9-ға дейінгі сандарды жаз. Сары – жүздік, жасыл – ондық, көк – бірлік. Олардан үштаңбалы сан құра. Оқы және салыстыр.





3. x -тің мәнін анықтау үшін сан сәулесін қолданыңдар.




Сан сәулесін сыз. Тиісті санды дөңгелекте. x -тің орнына қоюға болатын сандар орналасқан бөлігін қиғаш сызықтармен сызып көрсет.

Сан сәулесін қолданып, сандар жиынынан 400-ден артық және кем болатын 7 санды ата, жаз. Сан сәулесін қалай қолданғаныңды түсіндір.



4. Қазақстанда өсімдіктің алты мың түрі кездеседі. Олардың ішінде ағаштың 68, бұтаның 266, жартылай бұтаның 433, көпжылдық өсімдіктің 2598 және біржылдық өсімдіктің 849 түрі бар. Қалған әртүрлі өсімдіктердің 1786 түрі бар.

- Берілген мәтіннен ұштаңбалы сандарды тауып, кестеге жаз.
- Ұштаңбалы сандарды салыстыр және қалай салыстырғаныңды түсіндір.



5. Берілген сандардан ұштаңбалы сан құрастырып жаз, салыстыр.

- Қанша сан құрадың?
- Олардың арасынан ең үлкен және ең кіші санды ата.
- Өсімдіктердің адам өміріне пайдасы туралы айт.



6. Сан сәулесін сызып, 1 сантиметрден бөліктерге бөл. Ондағы 1 см 100 бірлікті білдіреді.

- Сан сәулесінен 300 санын белгіле.
- Шешімдер жиынына жазған сандардың арасынан төртеуін алып, салыстыр.

2 Разрядтық қосылғыштардың қосындысы



1. Есепте.

а) Өсімдіктердің тіршілік ортасына қарай бейімделуіне назар аудар. Төмендегі әрбір өсімдіктің қандай аймақта өсетінін анықта. Өрнектердің мәнін тап, сәйкестендір.



Дала – 136

ақтұңғиық
 $300 + 50 + 8$



Шөл – 279

қызғалдақ
 $100 + 30 + 6$



Су – 358

сексеуіл
 $200 + 70 + 9$

ә) Разрядтары бойынша берілген санды жаз. Қалай жазғаныңды түсіндір.

300	400	500	
70	20		30
2		3	5
4	2	9	5



Санды разрядтық қосылғыштардың қосындысына жіктеуге болады.

$$635 = 6 \text{ жүзд.} + 3 \text{ онд.} + 5 \text{ бірл.} = 600 + 30 + 5.$$



2. Сандарды моделі бойынша салыстыр.

	*	
	*	




3. Сандарды разрядтық қосылғыштардың қосындысы түрінде көрсет.

137	346	583
291	824	419



4. Теңсіздікті таңда. Сан сәулесінде оның шешімдер жиынын белгіле. 6 мысал келтір.



5. Қызықты мәліметтерде кездесетін ұштаңбалы сандарды разрядтық қосылғыштар түрінде жаз. Салыстыр.

- Секвойя – әлемдегі ең биік ағаш. Оның биіктігі 115 метрге жетеді.
- Оңтүстік Африкада өсетін фикус – ең ұзын тамырлы гүл. Ұзындығы – 120 метр.



секвойя



фикус



6. Суреттегі өсімдік атауын анықта.

а) Өрнектерді есептеп, мәнін кему ретімен жаз.

$6 \cdot 7 - \text{Н}$	$54 : 6 - \text{F}$	$9 \cdot 9 - \text{Ж}$
$8 \cdot 8 - \text{Ы}$	$21 : 7 - \text{Л}$	$49 : 7 - \text{Ы}$



ә) Жоғарыда берілген (а) өрнектерді пайдаланып, тура теңсіздік құра, жаз.



7. Көрсетілген өлшем бірліктеріне өрнекте.

$$560 \text{ кг} = \square \text{ ц } \square \text{ кг}$$

$$830 \text{ кг} = \square \text{ ц } \square \text{ кг}$$

$$4 \text{ ц } 10 \text{ кг} = \square \text{ кг}$$

$$720 \text{ кг} = \square \text{ ц } \square \text{ кг}$$

$$3 \text{ ц } 50 \text{ кг} = \square \text{ кг}$$

$$6 \text{ ц } 70 \text{ кг} = \square \text{ кг}$$

Үштаңбалы сандарды ауызша қосу және азайту



1. Асқар аға – агроном. 1 күнбағыстан былтыр орташа есеппен 125 дән, биыл 375 дән алды. Екі жылда өнімнің екі түрлі болу себебін болжап көріңдер.



Сандарды разрядтары бойынша кестеге жіктеп жаз.

Кластар	І класс		
	Бірліктер класы		
Разрядтар	Жүздіктер	Ондықтар	Бірліктер
Былырғы жылы			
Биыл			

Былырғы жылғы өнім биылғы жылғы өнімнен неше жүздікке, неше ондыққа кем? Оны қалай анықтадың?



2. Жұбыңмен талқыла.

а) Үштаңбалы сандарды ауызша қосудың қалай орындалғанын талдаңдар.

$$456 + 123 = (400 + 100) + (50 + 20) + (6 + 3) = 500 + 70 + 9 = 579$$

Разряд	Өрнек	Мәні	Есіңе сақта!
Бірлік	$6 + 3$	9	Бірліктерді бірліктерге қосады.
Ондық	$50 + 20$	70	Ондықтарды ондықтарға қосады.
Жүздік	$400 + 100$	500	Жүздіктерді жүздіктерге қосады.
	$456 + 123$	579	

ә) Үлгіні пайдаланып, ауызша есепте.

$606 + 303$

$342 + 427$

$862 + 107$

$236 + 123$



Үштаңбалы сандарды қосу немесе азайту үшін, оларды разрядтық қосылғыштарға жіктеп алған тиімді. Бірлікке бірлікті, ондыққа ондықты, жүздікке жүздікті қосады немесе азайтады.



3. Ауызша есепте.

Үштаңбалы сандарды ауызша азайту алгоритмін негізге ала отырып, өрнектердің мәнін тап.

$$579 - 456 \quad 898 - 232 \quad 734 - 132 \quad 567 - 107$$



4. Өрнектер құрып, олардың мәнін тап.

110 мен 80 сандарының қосындысын 50-ге кеміт;
170 пен 130 сандарының айырмасын 150-ге арттыр;
180-ге 650 мен 150 сандарының қосындысын қос;
220-дан 570 пен 470 сандарының айырмасын азайт.



5. Есепті шығар. Кері есеп құра.

Бақшадан 150 сәбіз, 120 қызылша, 110 шалқан жиналды. Барлығы қанша көгөніс жиналды?



6. Тапқыр болсаң, тауып көр.

Өсімдіктің өсуі үшін топырақ, су, күннің көзі қажет. Топырақ, су, күннің көзінің шартты белгілері қандай сандарды жасырып тұрғанын анықта.

$$\begin{aligned} \text{☀} + \text{☀} + \text{☀} &= 30 \\ \text{💧} + \text{☀} + \text{☀} &= 45 \\ \text{💧} + \text{☀} + \text{🌱} &= 50 \end{aligned}$$



7. Амалдардың орындалу ретін анықта және есепте.

$$\begin{aligned} (450 - 350) + 120 \\ 510 + 170 - 250 \end{aligned}$$

$$\begin{aligned} (680 - 20) + 130 \\ 280 + 310 - 230 \end{aligned}$$

Үштаңбалы сандарды ауызша қосу және азайту



1. а) Айзере «Өсімдіктер» энциклопедиясынан қызық мәліметпен танысты. Энциклопедияда жазылған 3 дәрілік өсімдік оның бақшасында өсіп тұр. Сол өсімдіктерді анықтау үшін, өрнектердің мәнін суреттермен сәйкестендіріңдер.



120

итмұрын
540 – 410



130

таңқурай
133 + 233



366

түймедақ
350 – 230

ә) Берілген сандарды пайдаланып, өрнектер құр. Олардың мәнін тап.



2. Жұбыңмен талқыла.

Үлгі: $465 - 3 = (460 + 5) - 3 = 460 + (5 - 3) = 462$

$$556 - 3 = (\square\square\square + \square) - \square = \square\square\square + (\square - \square) = \square\square\square$$

$$679 - 5 = (\square\square\square + \square) - \square = \square\square\square + (\square - \square) = \square\square\square$$

$$768 - 7 =$$

$$643 + 7 = \square\square\square + (\square + \square) = \square\square\square + \square\square = \square\square\square$$

$$456 + 3 =$$



3. Ауызша есепте.

$$783 + 7$$

$$674 + 6$$

$$685 - 5$$

$$386 + 4$$

$$785 + 5$$

$$969 - 9$$

$$866 - 6$$

$$834 + 6$$

$$674 + 6$$



4. Ауызша есепте.

Қосылғыш	390	
Қосылғыш		160
Қосындының мәні	395	190

Азайғыш		890
Азайтқыш	120	
Айырманың мәні	260	720



5. Білімді қолдан.

Дәріханаға үш түрлі дәрілік өсімдіктің майы жеткізілді.

Төмендегі суреттерді пайдаланып, есеп құра. Өртүрлі амалдарды пайдалан.



125
жалбыз майы



140
жөке майы




135
түймедақ майы



6. Бұл қызық!

Тізбектегі амалдарды орындай отырып, күнбағыс неше күнде пісіп жетілетінін анықта.



7. Тапқыр болсаң, тауып көр.

Ақылбек, Әлинұр, Қуат үшеуі ботаникалық бақтан дәрілік өсімдіктер терді. Себеттердің бірінде мүкжидек, екіншісінде көкжидек, ал үшіншісінде итмұрын бар. Кім қандай жидек терді?



Мәліметтер:

1. Ақылбектің себетінде мүкжидек жоқ.
2. Итмұрын, мүкжидек Әлинұрдың себетінде емес.
3. Қуаттың себетіндегі жемісті анықта.



8. Есепте.

$$595 + 4$$

$$362 + 5$$

$$321 + 6$$

$$236 + 3$$

$$128 + 1$$

$$457 + 2$$

Үштаңбалы сандарды ауызша қосу және азайту



1. Есепте.

Бұл – Африкада өсетін құмыраға ұқсас ағаш. Ол шамамен 900 жылдан аса өмір сүреді. Өрнектерді есептей отырып, ағаштың атауын табыңдар.

$$570 + 120$$

А

$$468 - 210$$

О

$$238 + 230$$

Б



$$460 + 110$$

Б

$$592 - 462$$

А

$$680 - 460$$

Б

220

130

258

570

690

468



2. Есепте.

$$387 + 8$$

$$738 - 8$$

$$676 - 6$$

$$370 + 20$$

$$685 - 80$$

$$834 + 6$$

$$760 + 40$$

$$960 - 60$$

$$674 + 6$$



3. Бос орынға тиісті санды жаз.

$$6 \cdot 4 + \square = 550$$

$$\square - 4 \cdot 6 = 100$$

$$\square + 8 \cdot 4 = 117$$

$$8 \cdot 3 + \square = 624$$

$$2 \cdot 8 + \square = 380$$

$$\square + 9 \cdot 3 = 267$$



4. Есепті шығар.

Лондондағы Реджентс Парк ботаникалық бағында өсірілген өсімдіктің бір жапырағы 114 кг, Бельгияның Гент қаласында өсірілген өсімдіктің бір жапырағы 226 кг жүкті көтерді. Гент қаласында өсірілген өсімдіктің жапырағы қанша салмақты артық көтереді?





5. Парталас досыңмен орында.



Айзере орхидея гүлін өсіреді. Бірде ол орхидеяның күлтесіне қонып отырған ерекше жәндікті байқады. Төмендегі шартты орындай отырып, жәндіктің атауын тап.

235		$300 + 30 + 3$	Ә
333		$100 + 40 + 2$	У
142		$200 + 30 + 5$	Д
514		$400 + 20 + 1$	Т
421		$500 + 10 + 4$	І




6. Бұл қызық!

Тропикалық құмыра гүлінің ең үлкені Аустралияда өседі. Оның 1 құмырасына 2 литр су сыяды. Егер 5 түп гүлдің әрқайсысында 4 құмырадан болса, олардың құмырасында неше литр су болады?



7. Заңдылықты анықтап, қатені түзетіп жаз.



8. Есептеу тәсілдерін пайдаланып шығар.

$$260 - 110$$

$$435 + 443$$

$$612 + 385$$

$$986 - 473$$

$$523 + 345$$

$$712 + 135$$

$$753 - 341$$

$$372 + 317$$

$$894 - 371$$



1. Біздің жерімізде өсімдіктің 6 000 түрі өседі. Оның 506 түрі қорғауды қажет етеді. Қазақстанда өсімдіктерге арналған Қызыл кітап 1981 жылы шықты.

- Кестедегі сандар қандай ақпараттарға қатысты?

Жазылуы	Оқылуы	Разрядтық қосылғыштарға жіктелуі
506	бес жүз алты	5 жүзд. + 6 бірл.
1981	бір мың тоғыз жүз сексен бір	1 бірл.мыңд. + 9 жүзд. + 8 онд. + 1 бірл.
6 000	алты мың	6 бірл. мыңд.

- Кестедегі сандардың разрядтық қосылғыштарға жіктелуіне назар аудар. Не байқадың?



Өте көп сандарды мыңдықтармен санайды.

Мыңдық – жаңа санау бірлігі. Мыңдықтармен де бірліктер сияқты санайды.



1 бірлік мыңдық = 10 жүздік = 1 000

1 ондық мыңдық = 10 бірлік мыңдық = 10 000

1 жүздік мыңдық = 10 ондық мыңдық = 100 000

Бірлік мыңдық, ондық мыңдық, жүздік мыңдық – екінші класты немесе мыңдықтар класын құрайды.



2. Сандарды оқып, моделін табыңдар.

123 000

3 000

23 000

1 000 000

жүзд.	онд.	бірл.	жүзд.	онд.	бірл.	жүзд.	онд.	бірл.
Миллиондар класы			Мыңдықтар класы			Бірліктер класы		

жүзд.	онд.	бірл.	жүзд.	онд.	бірл.
Мыңдықтар класы			Бірліктер класы		

					
жүзд.	онд.	бірл.	жүзд.	онд.	бірл.
Мыңдықтар класы			Бірліктер класы		

					
жүзд.	онд.	бірл.	жүзд.	онд.	бірл.
Мыңдықтар класы			Бірліктер класы		



Көптаңбалы сандарды солдан оңға қарай үш разрядқа бөліп, кластар атауымен оқиды. Бірліктер класы мен барлық цифры нөл болған кластың атауы айтылмайды. Мысалы: 23 **000** – жиырма үш мың; 3 **000** – үш мың.



3. Сандарды оқы, разрядтық қосылғыштарға жіктеп жаз. Оларды оқы, разрядтық қосылғыштарға жіктеп жаз.

Кластар	Үшінші класс			Екінші класс			Бірінші класс		
	Миллиондар			Мыңдықтар			Бірліктер		
Разрядтар	Жүзд.	Онд.	Бірл.	Жүзд.	Онд.	Бірл.	Жүзд.	Онд.	Бірл.
	9-шы	8-ші	7-ші	6-шы	5-ші	4-ші	3-ші	2-ші	1-ші
Сандар						5	0	0	0
					6	5	0	0	0
				4	6	5	0	0	0
			2	0	0	0	0	0	0



Миллион – мың мыңдық, жаңа санау бірлігі. Ол 7 разрядтан құралады (1 саны және алты нөлмен жазылады). Миллион – миллиондар класының бірлігі. Көптаңбалы сандарды жоғары разрядтан бастап салыстырады.



4. Сандарды салыстыр.

$$4\ 600 * 5\ 000$$

$$140\ 000 * 104\ 000$$

$$35\ 000 * 32\ 500$$



5. Біртаңбалы сандардың оң жағына нөлді (екі нөл, үш нөл, төрт нөл, бес нөл) жаз. Қандай сандар пайда болды? Моделін құрастыр.



6. Арифметикалық амалдардың тиістісін қой (+; -)

$$420 \bigcirc 180 \bigcirc 100 = 500$$

$$430 \bigcirc 130 \bigcirc 540 = 840$$

$$(550 \bigcirc 150) \bigcirc 230 = 630$$

$$660 \bigcirc (230 \bigcirc 130) = 300$$

1000 000-ға дейін мыңдықтармен санау. Сандар тізбегі



1. а) Кестедегі сандарды оқы, жаз.

Класстар	Үшінші класс			Екінші класс			Бірінші класс		
	Миллиондар			Мыңдықтар			Бірліктер		
Разрядтар	Жүзд.	Онд.	Бірл.	Жүзд.	Онд.	Бірл.	Жүзд.	Онд.	Бірл.
	9-шы	8-ші	7-ші	6-шы	5-ші	4-ші	3-ші	2-ші	1-ші
Сандар									7
								6	7
							5	6	7
						4	0	0	0
					3	4	0	0	0
				2	3	4	0	0	0
			1	0	0	0	0	0	0

ә) Мәтінді оқы. Ондағы сандарды өсу ретімен жаз.

Елімізде жануарлар мен өсімдіктердің алуан түрі кездеседі. Мұнда омыртқалы жануарлардың 835 түрі бар. Соның ішінде сүтқоректілердің 178 түрі: құстың 500-ге жуық, бауырымен жорғалаушылардың 49, қосмекенділердің 12, балықтың 104, дөңгелекауыздылар мен балықтөрізділердің 3 түрі тіршілік етеді.


б) Сандарды жаз, салыстыр. Жануарларды ата.



102 327



30 245



9 836



749

Бауырымен жорғалаушы	749 бірлік
Омыртқалы	102 мыңд. 327 бірлік
Құс	3 он мыңд. 245 бірлік
Қосмекенді	9 мыңд. 836 бірлік



2. Сан сәулесінде берілген сандарды пайдаланып, әр теңсіздіктің шешімдер жиынынан 5 мәннен жаз.

$$364 <$$

$$805 >$$



3. Моделі бойынша сандарды кему ретімен ата.

жүзд.	онд.	бірл.	жүзд.	онд.	бірл.
Мыңдықтар класы			Бірліктер класы		

жүзд.	онд.	бірл.	жүзд.	онд.	бірл.
Мыңдықтар класы			Бірліктер класы		

жүзд.	онд.	бірл.	жүзд.	онд.	бірл.
Мыңдықтар класы			Бірліктер класы		

жүзд.	онд.	бірл.	жүзд.	онд.	бірл.
Мыңдықтар класы			Бірліктер класы		



4. Есептерді шығар.

а) Жануарлар бағындағы 6 көлдің әрқайсысында 2 аққудан мекендейді. Жануарлар бағында барлығы неше аққу бар?

ә) Жануарлар бағында 24 тасбақа бар. Кесірткенің саны тасбақаның санынан 4 есе кем. Жануарлар бағында барлығы неше жануар бар?



5. Теңдеулерді шеш.

$$63 : c = 1\,567 - 1\,560$$

$$y + 150 = 100 \cdot 3$$



6. Заңдылықты анықтап, қатені түзетіп жаз.

347

447

559

647

747

848

947



7. Берілген сандарды кластарға бөл, моделін құрастыр. Өзің де сандар тізбегін құрап жаз.



Көптаңбалы сандардың моделі. Сандар тізбегі



1. а) Кестедегі сандарды оқыңдар.



Кластар	Екінші класс			Бірінші класс		
	Мыңдықтар			Бірліктер		
Разрядтар	Жүзд. 6-шы	Онд. 5-ші	Бірл. 4-ші	Жүзд. 3-ші	Онд. 2-ші	Бірл. 1-ші
Сандар			6	0	0	0
		5	6	0	0	0
	4	5	6	0	0	0
	3	0	0	0	0	0
	2	0	9	0	0	0
	1	7	0	0	0	0



Разрядтардағы цифрлар берілген санды алу үшін қанша бірлік, ондық, жүздік, бір мыңдық, он мыңдық, жүз мыңдықтарды қосу керектігін көрсетеді.


$$456\ 000 = 400\ 000 + 50\ 000 + 6\ 000$$

ә) Кестедегі сандарды разрядтық қосылғыштарға жікте.



2. Есепте.

Керік ең ірі пілден 1 м 80 см биік. Пілдің биіктігі 4 м. Керіктің бойының биіктігі неше сантиметрге тең?



3. Оқы, түсіндір, есепте.

$$200\ 000 + 50\ 000 + 4\ 000 = 254\ 000$$

$$300\ 000 + 60\ 000 + 8\ 000$$

$$400\ 000 + 70\ 000 + 2\ 000$$

$$30\ 000 + 7\ 000$$

$$90\ 000 + 3\ 000$$

$$10\ 000 + 8\ 000$$




 **4. Сандардың моделін үлгі бойынша сал. Қояндардың түсіне назар аудар. Не байқадың?**



сұрқоян —
408 900



 **5. Оқушылар жануарлар туралы қызықты деректер жинады. Сызбаны қолданып, есеп құрап, оны шығарыңдар.**



6. Өрнектерді пайдаланып, теңсіздік құр.



7. Тапсырманы орында.

а) Разрядтарға жікте.

49 872 = онд. бірл.

49 872 = жүзд. онд. бірл.

49 872 = мыңд. жүзд. онд. бірл.

ә) Өлшем бірліктеріне өрнекте.

423 см = м дм см

423 см = дм см

403 cm = M cm

Үштаңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмдері



1. Есептеңдер.

Керік ыстық аймақта, бұғы суық аймақта мекендейді. Олардың тіршілігі үшін жылу, су, жарық, азық, ауа өте қажет. Бағандағы өрнектердің мәнін таба отырып, қай жануардың тіршілік ортасы қолайлы екенін анықта.



$5 \cdot 4$	$3 \cdot 5$	$20 + 10$	$10 + 5$	$2 \cdot 5$
$4 \cdot 3$	$5 \cdot 2$	$6 \cdot 3$	$2 \cdot 4$	$3 \cdot 2$



Ненің әсерінен тіршілік ортасы қолайлы болады деп ойлайсың?

Әр қатардағы өрнектердің нәтижесін разрядтық қосылғыштардың қосындысына жікте.



2. Жұбыңмен талқыла.

а) Кестедегі санның разрядтарының жазылуы бойынша қосу алгоритмімен салыстыр. Есепте және талда.

Разрядтарға жіктеу				Баған түрінде жазу
Сандар	Бірліктер			Үштаңбалы санды баған түрінде қосу
	1-класс			
	Жүздіктер	Ондықтар	Бірліктер	
	3-ші	2-ші	1-ші	
	246	2	4	
123	1	2	3	
369	3	6	9	
Разрядтағы әрбір санды тізбек бойынша қосамыз. Бірлікті бірлікке, ондықты ондыққа, жүздікті жүздікке қосып, өз бағанына жазамыз.				<



ә) Баған түрінде жазып, есепте.

$371 + 213$

$322 + 507$

$412 + 235$

$342 + 456$

б) Баған түрінде қосу алгоритмін пайдаланып, азайту алгоритмін баған түрінде құрап көр.

$$975 - 651$$

$$897 - 543$$

$$789 - 612$$

$$699 - 458$$



3. Есепте.

а) Амалдардың орындалу тәртібін анықтап, баған түрінде есепте.



2 1 3

$$589 - (123 + 234) + 130 = \square\square\square$$

1)

+	1	2	3
	2	3	4

2)

-	5	8	9
	3	5	7

3)

+	2	3	2
	1	3	0



ә) Үлгіні басшылыққа алып, өрнектердің мәнін тап.

$$477 - (132 + 223) + 357$$

$$579 - (162 + 215) + 347$$

$$789 - (412 + 174) + 523$$

$$958 - (412 + 325) + 205$$



4. Бұл қызық!

Дикдики бөкенінің бойы – 30 см, түйеқұс одан 2 м 40 см биік. Керіктің бойы дикдики мен түйеқұстың бойларының қосындысынан 1 м 50 см биік делік. Керіктің бойын тап.



5. Ойлан, жаз.

$$\text{tiger} + \text{tiger} + \text{tiger} = 750$$

$$\text{fox} + \text{fox} + \text{fox} = 240$$

$$\text{lion} + \text{lion} + \text{lion} = 450$$

$$\text{tiger} - \text{lion} - \text{fox} = ?$$



6. Баған түрінде есепте және тексер.

$$987 - 352$$

$$787 - 516$$

$$698 - 373$$

$$243 + 354$$

$$614 + 375$$

$$712 + 174$$

Үш таңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмдері



1. Есептеңдер.

Балалар «Дүниетану» сабағында еліміздегі отырықшы және жыл құстары туралы оқыды. Суреттегі құстарды өрнектің түріне қарай топтастыр.



$$225 + 341$$



$$(650 - b) + a$$



$$a - 345$$



$$9 \cdot 8$$



$$987 - 634$$



$$d + a - b$$

Жоғарыдағы өрнектер бойынша не айтуға болады?

Санды өрнек пен әріпті өрнектің айырмашылығы бар ма?



2. Әріптердің орнына сандарды қоя отырып, өрнектердің мәнін табыңдар. Мұндағы: $a = 112$, $b = 104$.

Қосылғыш	$(a + b)$	$(a + b)$	$(a + b)$	$(a + b)$
Қосылғыш	320	412	211	143
Қосындының мәні				



3. Мысалдарды баған түрінде шығар. Дұрыстығын тексер.

$$\begin{array}{r} 1) \quad 456 \\ - 214 \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 2) \quad 228 \\ + 130 \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 3) \quad 768 \\ - 345 \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 4) \quad 310 \\ + 224 \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 5) \quad 673 \\ - 251 \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 6) \quad 325 \\ + 152 \\ \hline \end{array}$$



4. Теңдеулерді шеш.

$$(x - 340) + 15 = 665$$

$$989 - (d - 331) = 757$$

$$b + 524 = 256 + 611$$

$$c - 321 = 243 + 425$$



5. Есепті шығар.

Қазақстан аумағын барлығы 489 түрлі құс мекендейді. Оның 396 түрі Қазақстанда ұя салып, балапандарын өсіреді. Ал қалған құстар тек қыстауға ғана ұшып келеді.

Қыстауға ұшып келетін құстар түрінің ұя салатын құстар түрінен нешеуі кем?



6. Бұл қызық!

Теңіз шағаласының қанаты – 80 см, бүркіттің қанаты одан 1 метрге ұзын. Егер альбатростың қанатының ұзындығы шағала мен бүркіт қанаты қосындысынан 10 см қысқа болса, онда альбатростың қанатының ұзындығы қанша?



теңіз шағаласы



бүркіт



альбатрос



7. Бұл қызық!

Қарлығаш, үйрек, бүркіт және тырнаның қоректері әртүрлі: жәндік, дән, балдыр және ұсақ аңдар. Әрбір құс немен қоректенеді?



Берілген мәліметтер:

- а) Қарлығаш балдыр және ұсақ аңдармен қоректенбейді.
- ә) Тырна дәндер мен балдырдың біреуін жемейді.
- б) Үйрек балдырмен қоректенеді.
- в) Бүркіт ұсақ аңдар мен балдырдың біреуін жейді.



8. Баған түрінде есепте және тексер.

$$668 - 354$$

$$123 + 234$$

$$369 - 247$$

$$345 + 321$$

$$458 - 317$$

$$456 + 102$$

Үш таңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмдері



1. Есептеңдер.

«Жәндіктердің ғажайып әлемі» көрмесінде Айзере көбелектерді тамашалады. Олардың түсі ғана емес, қанаттарындағы суреттері де әртүрлі екенін байқады.



а) Бірыңғай түсті көбелектерді анықта, қанаттарындағы жазылған сандарды баған түрінде қос.

ә) Қосындының мәндерін разрядтық қосылғыштарға жіктеп жаз.



2. Баған түрінде қосудың алгоритмімен таныса отырып шығар.

		+	1	+	1
	3	4	6		
+	5	7	8		
	9	2	4		

6 бірлік + 8 бірлік = 1 ондық 4 бірлік

4 бірлікті бірліктер бағанына жаз.

1 ондықты есте сақтап, ондықтардың үстіне «1» деп белгілеп қой.

4 ондық + 7 ондық = 1 жүздік 1 ондық

1 жүздік 1 ондық + 1 ондық (бірліктерді қосқанда шыққан) = 1 жүздік 2 ондық. 2 ондықты ондықтар бағанына жаз.

1 жүздікті есте сақтап, жүздіктердің үстіне «1» деп белгілеп қой.

3 жүздік + 5 жүздік = 8 жүздік

8 жүздік + 1 жүздік (ондықтарды қосқанда шыққан) = 9 жүздік. 9 жүздікті төмендегі жүздіктер бағанына жаз.

$$246 + 367$$

$$656 + 168$$

$$357 + 254$$

$$457 + 185$$

$$468 + 345$$

$$296 + 265$$



3. Теңдеулер құрап, оларды шеш.

а) Белгісіз сан мен 347-нің айырмасы 150 мен 125-тің қосындысына тең.

ә) 442 мен белгісіз санының қосындысы 270 пен 523-тің қосындысына тең.



4. Баған түрінде азайтудың алгоритмімен таныса отырып шығар.

5	4			
6	2	8		
2	8	4		
3	4	4		

8 бірлік – 4 бірлік = 4 бірлік

4 бірлікті бірліктер қатарына жаз.

2 ондықтан 8 ондық азайтылмайды.

Сондықтан 6 жүздіктің 1 жүздігін аламыз.

Жүздіктер қатарында 5 жүздік қалды.

12 ондық – 8 ондық = 4 ондық шықты. 4 ондықты ондықтар қатарына жаз.

6 жүздік – 2 жүздік = 4 жүздік

4 жүздік – 1 жүздік (ондықтарды азайтқанда шыққан) = 3 жүздік. 3 жүздікті төмендегі жүздіктер қатарына жаз.

$$539 - 174$$

$$656 - 481$$

$$748 - 256$$

$$457 - 185$$

$$827 - 374$$

$$968 - 686$$



5. Есепті шығарып, кері есептер құра.

«Жәндіктердің ғажайып әлемі» көрмесінде 132 қоңыз, одан 45-ке артық көбелек, көбелектен 28-ге кем шегіртке бар. Көрмеде барлығы неше жәндік бар?



6. Бұл қызық!

Қорапта 12 қанқыз және бірнеше ара бар. Қораптан 3 қанқыз және 4 ара ұшып кетті. Осыдан кейін қорапта ара қалмады. Қорапта қанша қанқыз қалды? Екі тәсілмен шығар.



7. Үштаңбалы санды үштаңбалы санға қосу мен азайту алгоритмі бойынша, бес-бес өрнектен құра, оны шығар.

Үш таңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмдері



1. Есептеңдер.

Ақылбек «Аю» тақырыбына жасаған зерттеу жұмысына постер құрастырды. Аюдың тіршілігін жыл мезгілімен дұрыс сипаттады. Алайда жыл мезгілдерінің ретін постерге дұрыс енгізбеген. Көмектесіп жіберейік.

	$648 - 524$	120 	132 	
	$567 - 435$	128 	124 	

а) Берілген өрнектерді баған түрінде шығар.


ә) Шыққан сандарды бос торларға өсу ретімен орналастыр, жыл мезгілінің реттілігін тап.

б) Әр жыл мезгіліне сәйкес ауа райының ерекшелігі мен жанды табиғатқа қандай әсері барын анықта. Ойыңды ортаға сал.



2. Жұбыңмен талқыла.

Ақылбектің жыл мезгілдерін орналастыру реттілігіндегі сандарды төмендегі кестеге енгізіңдер. Сандар қатарының орналасу заңдылығын тауып, соңғы торға қандай сан жазар едің? Нақты шешімдер келтіре отырып, дәлелде.



Сандар қатарының орналасу заңдылығын анықтау үшін, көршілес тұрған екі санның айырмасын табу керек.



3. Сандар қатарының орналасу заңдылығын анықта.

230	232						
235	240						

Figure 1 shows six examples of 3x3 grids, labeled 1) through 6). Each grid contains numbers and blue squares. The grids are arranged in two rows of three. The numbers and blue squares are distributed as follows:

- Grid 1: Numbers: 2, 5, 1, 3, 2, 4, 3. Blue squares: (1,2), (1,3), (2,1), (2,2), (3,1), (3,2).
- Grid 2: Numbers: 7, 3, 2, 5, 5, 0. Blue squares: (1,1), (1,2), (2,1), (2,2), (2,3), (3,1), (3,2).
- Grid 3: Numbers: 4, 9, 2, 1, 7, 2. Blue squares: (1,1), (1,2), (2,1), (2,2), (3,1), (3,2).
- Grid 4: Numbers: 6, 1, 2, 3, 5, 7. Blue squares: (1,1), (1,2), (2,1), (2,2), (3,1), (3,2).
- Grid 5: Numbers: 2, 2, 3, 7, 8, 6, 6. Blue squares: (1,1), (1,2), (2,1), (2,2), (3,1), (3,2).
- Grid 6: Numbers: 7, 1, 2, 5, 6, 4. Blue squares: (1,1), (1,2), (2,1), (2,2), (3,1), (3,2).



42 000 + 18 000	125 000 + 125 000	76 000 + 34 000
88 000 - 23 000	920 000 - 350 000	63 000 - 22 000
63 500 - 25 000	315 000 + 285 000	55 000 + 45 000



Суреттегі жануарлар қысқы ұйқыға кетеді. Суреттегі ақпараттарды пайдаланып, есеп құра. Есеп мәтінінде «кем, артық» сөздерін пайдалан.



200 күн 240 күн 180 күн



Амалдарды орындай отырып, әр құстың 1 сағатта неше километр жылдамдықпен ұшатынын анықтап жаз.



қарға	жапалақ	қарлығаш	бүркіт	сұңқар
$6 \cdot 3 + 8 \cdot 3$	$125 + 35 - 80$	$955 - 855$	$9 \cdot 10 + 70$	$856 - 546 - 10$



Figure 1 shows five examples of 3x3 grid puzzles. Each grid has a 3x3 grid of cells. Some cells are shaded blue, and some contain numbers. The puzzles are labeled 1) through 5).

- 1)** A 3x3 grid with blue cells at (1,2), (1,3), (2,1), (2,3), (3,1), and (3,2). Numbers: (1,1)=3, (2,2)=4, (2,3)=8, (3,3)=4, (3,2)=6, (3,1)=9.
- 2)** A 3x3 grid with blue cells at (1,2), (1,3), (2,1), (2,3), (3,1), and (3,2). Numbers: (1,1)=5, (2,2)=1, (2,3)=4, (3,3)=3, (3,2)=5, (3,1)=5.
- 3)** A 3x3 grid with blue cells at (1,2), (1,3), (2,1), (2,3), (3,1), and (3,2). Numbers: (1,1)=9, (2,2)=2, (2,3)=3, (3,3)=4, (3,2)=5, (3,1)=4.
- 4)** A 3x3 grid with blue cells at (1,2), (1,3), (2,1), (2,3), (3,1), and (3,2). Numbers: (1,1)=7, (2,2)=5, (2,3)=7, (3,3)=8, (3,2)=3, (3,1)=6.
- 5)** A 3x3 grid with blue cells at (1,2), (1,3), (2,1), (2,3), (3,1), and (3,2). Numbers: (1,1)=8, (2,2)=3, (2,3)=2, (3,3)=4, (3,2)=1, (3,1)=5.

13 Өткенді бекіту



1. Мәтінді оқы. Санды деректерді пайдалан.

Ақылбек жануарлар мен құстар туралы оқыды.

Дүниежүзінде құстың 11 000-нан астам түрі бар. Бұл түрлер 44 отрядқа жіктеледі. 2025 жылғы деректерге сәйкес, Халықаралық табиғатты қорғау одағының (IUCN) Қызыл кітабына 1300-ден астам құс түрі енгізілген.



а) 1-есепте берілген құстар туралы ақпаратты төмендегі кестеге жазып, моделін сал.

Мыңдық- тар класы	Жүзд.	
	Онд.	
	Бірл.	
Бірліктер класы	Жүзд.	
	Онд.	
	Бірл.	

Мыңдық- тар класы	Жүзд.	
	Онд.	
	Бірл.	
Бірліктер класы	Жүзд.	
	Онд.	
	Бірл.	

ә) Екі санды таңда. Оларды кластарға жіктеп жаз.

11 000

1 300

450 000

752 300

23 456

1 457

523 740

876 924



2. Баған түрінде жазып, есепте. Дұрыстығын тексер.

Өрнектердің мәнін есептеп, астындағы сандармен бірге кему ретімен орналастыр. Сонда сен Қазақстанда қанша құс түрі мекендейтінін білетін боласың.

$$364 + 136$$

5



$$105 + 104$$

2



$$202 + 111$$

3





3. Есептерді шығар.

а) Қазақстанда 120 сирек кездесетін жануар Қызыл кітапқа енгізілген. Олардың 35-і – жыртқыш аң, ал қалғаны – шөпқоректі жануар. Шөпқоректі жануарлар нешеу?

ә) 2020 жылы Қызыл кітапқа 1 150, 2025 жылы 1 300 құс енгізілді. 5 жылда құстардың қанша түріне қауіп төнген?



4. Өрнектер құрып, олардың мәнін тап.

а) 250-мен 458-дің қосындысынан 120-ны азайт.

ә) 780-нен 452 мен 251-дің қосындысын азайт.

б) 324 санына 485 пен 255-тің айырмасын қос.



5. Ауызша есепте. Парталас досыңмен жарыс.

$$\begin{array}{r} 829 \\ - 473 \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 651 \\ - 276 \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 956 \\ - 629 \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 748 \\ - 364 \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 683 \\ - 249 \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 938 \\ - 469 \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 916 \\ - 438 \\ \hline \end{array}$$

БИНГО

345	521	397	399
434	356	316	448
508	327	374	475
384	478	469	363

2

БИНГО

399	475	561	469
434	521	384	448
363	397	356	345
478	374	416	316

$$\begin{array}{r} 848 \\ - 287 \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 874 \\ - 458 \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 642 \\ - 297 \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 783 \\ - 467 \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 792 \\ - 284 \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 647 \\ - 284 \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 719 \\ - 195 \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 657 \\ - 258 \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 563 \\ - 189 \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 791 \\ - 394 \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 886 \\ - 438 \\ \hline \end{array}$$

6. Ойлан, тап!

10 КГ

20 КГ

24 КГ

?

7. Есепте.

65 + 23 + 25

□ + □

□

□

□ + □

7 + 19 + 31

10 + 9 + 59

□ + □

□

□

□ + □

63 + 37 + 23

31

14 Өткенді бекіту



1. Оқы, таныс. Санды деректерді пайдалан.

Жер бетінен жойылып кеткен жануарлар.



а) Дәптеріңе сан сәулесін сыз. Оған 4 жануар туралы берілген мәліметтерді пайдаланып, теңсіздіктер шешімінің жиынын құра.

ә) Берілген мәліметтерді пайдаланып, 4 жануар туралы теңсіздіктер жаз. Шешімінің жиынын құра.



2. Салыстыр.

$$320 + 420 * 280 + 480$$

$$890 - 280 * 420 + 180$$

$$560 + 150 * 790 - 110$$

$$680 + 115 * 990 - 120$$

$$365 + 210 * 850 - 250$$

$$465 + 310 * 720 + 120$$



3. Баған түрінде жаз және есепте. Тексер.

$$625 + 227$$

$$875 - 525$$

$$789 + 112$$

$$457 + 381$$


$$756 - 451$$

$$649 - 204$$



4. Мәтінді оқы. Санды деректерді пайдаланып, теңсіздіктер құр.

Елімізде ағаш түрлерінің 68, бұталардың 266, бұталар мен жартылай шөптердің 433, көпжылдық шөптесін өсімдіктердің 2598, біржылдық шөптердің 849 түрі бар.






5. Есептерді шығар.

Айзере қолын бір рет жуғанда шамамен 3 л су жұмсайды. Егер ол күніне 5 рет қолын жуса, бір күнде қанша су жұмсайды? Айзере кранды сәл жауып, әр жолы суды 2 л-ге кем жұмсаса, онда күніне неше литр су үнемдейді?



6. Бұл, қызық!





а) Ақылбек хайуанаттар бағындағы жануарлардың өмір сүру ұзақтығы туралы оқыды. Әр өрнекті шығарып, олардың бақтағы өмір сүру ұзақтығын анықта.



ә) Ал табиғи ортада арыстан 15, жолбарыс 18, аю 30, керік 25 жыл тіршілік етеді. Хайуанаттар бағындағы өмір сүру көрсеткішін салыстырып, сан сәулесіне шешімдер жиынын көрсет.



7. Үлкен саннан кіші санға өте отырып, сандарды жаз және қосындысының мәнін анықта.



8. Амалдардың орындалу тәртібін анықтап, есепте.

$$(210 + 360) - (780 - 540)$$

$$(980 - 750) + (880 - 670)$$

$$798 - (245 + 358)$$

$$649 - (237 + 128)$$

15 Білімді тексер

Сәлем, досым! Енді өзің «1000 көлеміндегі сандар. Қосу және азайту» бөлімінен алған білімді тексеруге кезек келді. Сен де бізбен бірге саяхатқа барып, әр аялдамадағы тапсырманы орындап, өз білімді тексер.

1. Мәтіндегі сандарды анықтап, өсу ретін цифрмен көрсет.

Ағаштар оттегі өндіру жағынан әрқалай ерекшеленеді. Мысалы, емен жылына жүз жиырма килограмм, қайың сексен килограмм, терек жүз килограмм, қарағай елу килограмм, жөке тоқсан килограмм оттегі шығара алады.

2. Математикалық тізбекті ауызша есепте.

$$738 \rightarrow -209 \rightarrow \bigcirc \rightarrow +121 \rightarrow \bigcirc \rightarrow -210 \rightarrow \bigcirc$$

3. Әріптердің орнына сандарды қоя отырып, өрнектердің мәнін тап.

Мұндағы: $a = 230$; $b = 140$.

Қосылғыш	$a + b$	$a + b$	$a + b$
Қосылғыш	320	412	211
Қосындының мәні			

4. Баған бойынша
есепте. Тексер.

7	8	4			7	0	8
-	4	7	5		-	4	8


5. Сандарды разрядтық
қосылғыштарға жікте.

42 567

813 456

564 789

6. Сандардың орналасу заңдылығы
бойынша бос орынға тиісті санды тап.



МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
1А. 1 000 КӨЛЕМІНДЕГІ САНДАР. ҚОСУ ЖӘНЕ АЗАЙТУ	
1. 1 000 көлеміндегі сандар	6
2. Разрядтық қосылғыштардың қосындысы.....	8
3. Үштаңбалы сандарды ауызша қосу және азайту	10
4. Үштаңбалы сандарды ауызша қосу және азайту	12
5. Үштаңбалы сандарды ауызша қосу және азайту	14
6. 1 000 000-ға дейін мыңдықтармен санау	16
7. 1 000 000-ға дейін мыңдықтармен санау. Сандар тізбегі	18
8. Көптаңбалы сандардың моделі. Сандар тізбегі	20
9. Үштаңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмдері	22
10. Үштаңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмдері	24
11. Үштаңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмдері	26
12. Үштаңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмдері	28
13. Өткенді бекіту	30
14. Өткенді бекіту	32
15. Білімінді тексер	34
1В. КӨБЕЙТУ ЖӘНЕ БӨЛУ	
16. Көбейту және бөлу амалдарын орындаудағы 1 санының қасиеті	38
17. Көбейту және бөлу амалдарын орындау кезіндегі 0-дің қасиеті. Санды 0-ге бөлуге болмайтындығы.....	40
18. 0 және 1 санымен амалдар орындау. Жақшалы өрнектердің мәнін табу	42
19. Есепті модельдеу	44
20. Есепті модельдеу	46
21. Аудан. Ауданның өлшем бірліктері	48
22. Ауданның өлшем бірліктері.....	50
23. Аудан. Ауданның өлшем бірліктері	52
24. Шамалар арасындағы тәуелділік	54
25. Екі жиынның бірігуі және қиылысуы	56
26. Екі жиынның бірігуі және қиылысуы	58
27. Мүмкіндіктер тармағы.....	60
28. Мүмкіндіктер тармағы.....	62
29. Қорытындылау	64
30. Білімінді тексер	66
1С. КЕСТЕЛІК КӨБЕЙТУ ЖӘНЕ БӨЛУ	
31. 6 санын көбейту және бөлу кестесі. Жанама сұрақтармен берілген есептер	70
32. Формулалар	72
33. 7 санын көбейту және бөлу кестесі	74
34. Өткенді бекіту	76
35. 8, 9 сандарына көбейту және бөлу кестесі	78
36. Көбейту кестесін бекіту. Жанама сұрақтармен берілген есептерді шығару	80

37. Есептер шығару	82
38. Қорытындылау	84
39-40. Білімді тексер	86

2А. ҮЛЕС

41. Үлес туралы түсінік	90
42. Үлес және бөлшек туралы түсінік	92
43. Бөлшектерді оқу, жазу және салыстыру	94
44. Санның бөлігін табу және бөлігі бойынша санды табу	96
45. Санның бөлігін табу және бөлігі бойынша санды табу	98
46. Санның бөлігін табу және бөлігі бойынша санды табу	100
47. Санның квадраты	102
48. Санның кубы	104
49. Санның квадраты және кубы	106
50. Шамалар арасындағы тәуелділікке берілген есептерді шығару	108
51. Шамалар арасындағы тәуелділікке берілген есептерді шығару	110
52. Білімді тексер	112

2В. АУДАН. ШАМАЛАР

53. Шеңбер, дөңгелек және олардың элементтері	116
54. Симметриялы және симметриялы емес жазық фигуралар	118
55. Тіктөртбұрыш пен шаршының ауданын табу	120
56. Тіктөртбұрыш пен шаршының ауданын табу	122
57. Тікбұрышты үшбұрыштың ауданын табу	124
58. Фигуралар салу	126
59. Фигуралар салу	128
60. Есептер шығару. Шамаларға амалдар қолдану	130
61. Километр. Миллиметр	132
62. Тонна. Грамм	134
63. Нүктенің координаталары және қозғалыс бағыты	136
64. Есептер шығару	138
65. Білімді тексер	140

2С. АУЫЗША КӨБЕЙТУ ЖӘНЕ БӨЛУ

66. 10-ға, 100-ге көбейту және бөлу	144
67. Толық ондықтар мен жүздіктерді көбейту және бөлу	146
68. 1 000 көлемінде көбейту және бөлу	148
69. Дөңгелек сандарды ауызша көбейту және бөлу	150
70. Көбейтудің үлестірімділік қасиеті	152
71. Көбейтудің үлестірімділік қасиеті. Есептер шығару	154
72. $32 \cdot 2$, $320 \cdot 2$, $32 \cdot 20$ түріндегі көбейту тәсілдері	156
73. $32 \cdot 2$, $320 \cdot 2$, $32 \cdot 20$ түріндегі көбейту тәсілдері	158
74. Қосындыны санға бөлу	160
75. $48 : 2$, $480 : 2$, $480 : 20$ түріндегі бөлу тәсілдері	162
76. Көбейту және бөлу тәсілдері	164
77. Көбейту және бөлу тәсілдері	166
78. Көбейту және бөлу тәсілдері	168
79-80. Білімді тексер	170

ГЛОССАРИЙ	172
-----------------	-----

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	173
-------------------------------------	-----